

Оқушылардың бесінші сыныпқа бейімделуі жөніндегі мектеп психологының жүргізген жұмысына ақпарат

Әрбір бала мектепке білім алуды мақсат етіп келетіні аян, сол сияқты бүгінгі бесінші сынып оқушылары да жоғары сыныпқа өткенде үлкен ұмтылыс пен, қызығушылықпен келеді. Оларға барлығы қызық, білгісі келеді. Менің психолог ретіндегі мақсатым: осы 5-ші сынып оқушыларының жоғары сатыға бейімделуі қандай деңгейде екендігін бақылау, анықтау.

Жоғары сыныптарда сабақ беріп келген мұғалімдер 5-ші сыныптарға да сол деңгейде қарым – қатынас жасайды. Олардың сабақ беру әдісі де бастауыш мұғалімдерінен өзгеше. Әр мұғалім баланы өз сабағында ғана көреді.

5-ші сыныптардың бейімделуіне әсер ететін тағы да себеп – танымдық белсенділігінің әлсіз дамуы, оларға басты нәрсе баға болып тұрады. 4-ші, 5-ші сыныптарда оқушылардың сабаққа, оқуға деген ынтасының төмендеуі байқалады. Ол олардың мектепке деген құлқының жоқтығын, сабаққа қатысуы міндет емес деп ойлайды, үй тапсырмасын орындағысы, мектеп ережесіне бағынғылары келмейтіндігін көрсетеді. Біздің мектептегі 5-ші сыныптардың бейімделу деңгейі қалай екендігін көрейік.

«Өрмекші торы» жаттығуы

Мақсаты: сыныптың ұжымдастығын бақылау, қарым-қатынасын анықтау, шеттетілген оқушыларды байқау.

Нұсқаулық: оқушылар шеңберге тұрады, көшбасшының саусағына жіп байланады, ол өзі қалаған балаға тілегін айтып саусағына жіпті байлайды, шеңбер бойынша жалғаса береді.

Қорытынды:

5а сыныбында көшбасшы анықталмаған, ұлдар мен қыздар өздері жеке топ болып араласады, сыныптың бір –бірімен қарым-қатынасы орташа деңгейде, шеттетілген оқушылар бар.

5ә сыныбы көшбасшы анықталған, көшбасшы беделі жоғары және сыныпты басқара алады, қыздар, ұлдар болып жеке араласады, сынып қарым-қатынасы жақсы деңгейде, шеттетілген оқушылар бар.

«Менің сыныбым» ӘДІСТЕМЕСІ

Нұсқау: «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортанғы орындықта апайың (мұғалім) отыр, апайдың айналасындағы оқушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылдануда. Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі оқушылардың ішінен өзіңді тауып алып белгілеп, жанына өзіңнің аты-жөніңді жаз. Өзіңді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты-жөніңді жаз.

Талдау нәтижесі:

1. «Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған болса – баланың сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді.
2. Өзге баллармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – баланың бейімделуі жақсы деңгейде.
3. Мұғаліммен бірге: бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі.
4. Ойын позициясы: оқу позициясымен сәйкес келмейді.

5А сыныбы 1 тоқсанда оқушылардың 42%-ы сыныпқа бейімделуі жақсы, 29%-ына мұғалімнің маңыздылығы ерекше, көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар 8%-ды құрайды, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы 21% ы құрайды.

5 Ә сыныбы 1 тоқсан оқушылардың 53%-ы сыныпқа бейімделуі жақсы, 9%-ына мұғалімнің маңыздылығы ерекше, көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар 19%-ды құрайды, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы 19% - ы құрайды.

«МЕКТЕПКЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫМ» САУАЛНАМА

5а,5ә сыныптары: оқушыларға мектепке келіп оқыған ұнайды, сынып оқушыларымен оқып қарым қатынас жасаған ұнайды, бірақ оқу барысына қызығушылық төмен. Сыныпта кездесетін қиындықтар: сыныптан-сыныпқа ауысу, пәннің тақырыптарының қиындауы, көп тапсырма берілуі.

Психолог Асылханова Ә.А